



Тараз қалалық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі
Централизованная библиотечная система города Тараз



Абай - ұлттық ой-сананың асқар биігі

Абай Құнанбаев (1845-1904)

Виртуалды көрме

Тараз - 2020

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы - ұлы ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, сазгер, аудармашы, орыс және Еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор.

Абай өз шығармаларына қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, адамгершілік мәселелерін арқау еткен. Шығыс пен Батыс мәдениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қарасөздері» тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.




Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Төтелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады.

Құрметті оқырмандар !






Сіздердің назарларыңызға «Абай - ұлттық ой-сананың асқар биігі» атты виртуалды көрмеізді ұсынамыз. Абайдың 175 жыл мерейтойына арнап, кітапхана қызметкерлері кітапхана көрмесі, шолулар, конференция, бенефист және кітап бастамасы, әдебиеттер кештерін өткізу арқылы оқырмандарды ақынның өмірбаяны, шығармашылығымен таныстырады, шығармашылық ерекше сипаттарын ашатын, қазақ және басқа да тілдегі шығармаларының маңызды мағынасын көрсетеді.






*Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе!
Адалдықты көздесең,
Жаттап тоқы көңілге!
С. Тлорайғыров.*



[Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#)




[Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#)



[Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#) [Толық мәлімет...](#)

**84(5Қаз)
Қ76** **Құнанбаев, А. "Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла..." [Мәтін]**
/ Құнанбаев А. - Алматы : Алматыкітап, 2011. – 216 б. : сурет.

Даналықтың өлшемі бола білген философ-ақынның рухани мұрасымен таныстыру мақсатында осы жинақты оқырман қауымға ұсынып отырмыз. Кітапқа Абайдың өлеңдері, поэмалары, аудармалары, сондай-ақ қара сөздері енгізіліп, фотосуреттермен толықтырылды. Жинақ мектеп бағдарламасына сәйкес құрастырылып, оқушылардың қосымша құрал ретінде пайдалануларына және көпшілік оқырман қауымға арналады.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)



84(5Қаз)
А13

Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге [Мәтін] : өлеңдер мен
қара сөздер / Абай. - Алматы : Атамұра, 2014. – 288 б.




Хәкім Абайдың мұрасы ұрпақтан ұрпаққа
жалғаса беретін баға жетпес қазына.
Артына өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы
ақынның шығармаларын кейінгі толқын
көкірегіне тоқып, көңіліне шамшырақ етіп
алары сөзсіз.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

84(5Қаз)
А13

Абай. Қара сөз [Мәтін] = Книга слов / Абай. - Семей:
Халықаралық Абай клубы, 2007. – 368 б.



Абайдың қара сөздері 1890-1898 жылдар аралығында жазылған. Жалпы саны - 45. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін прозалық шығарма. Ақын қара сөздерінің мазмұны терең, логикалық мәні зор.

Абайдың қара сөздеріндегі адамгершілік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының пәлсапалық тұжырымдамасын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналады.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

Абай Құнанбаев 1845 жылғы 10 тамызда бұрынғы Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан) Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген. Азан шақырып қойған атты - Ибраһим. Анасы еркелетіп Абай деп атап кеткен. Абайдың арғы атасы Ырғызбай атақты би әрі баптыр болған. Ал әкесі Құнанбай қазы - тобықты руының өте ықпалды адамы, Қарқаралы округіндегі алғашқы аға сұлтандардың бірі. Абай сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған әжесі Зеренің ауыз-ертегілерін естіп, шешен, патшыр, өзіл-әжуаға жеттік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. Абай әуелі ауылдағы Ғабипхан молдадан сауаттын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдері оқытылып, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Зерек те Зейінді бала оқуға бағ ықыласымен беріледі. Ол енді дін оқуын ғана місе тұтпай, білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады.

Сөйтіп, көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қиссалармен танысады, Шығыстың Низами, Науаи, Сағди, Қожа Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұламаларының туындыларын оқиды. Медфесенің үшінші жылында Абай Семей қаласындағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, орысша сауаттын аша бастайды. Бірақ бұл оқуын әрі жалғастыра алмайды. Өйткені әкесі Құнанбай Абайды тобықты руының болашақ билеушісі ету мақсатымен ауылға кері қайтарып алады. Сөйтіп, 13 жастағы Абай ел ісіне араласады.

Абай әке қасында болған жылдарда ел билеуші би-болыстардың құтық-сұмдықтарын, қазақ даласында ыдырай бастаған феодалдық-рулық қатынастардың кереғар қайшылықтарын, әлеуметтік теңсіздіктің, кедейлерге салт-сананың зардаптарын айқын түсінді. Ру таластарының қым-қуып дау-жанжалына амалсыз араластырылған Абай әкесінің әділетсіздігімен, қатал-дығымен келісе алмай, көп істерге әкесінің ыңқына көнбей әділ үкім шығарып отырған.

821.512.122-93
Қ76

Құнанбайұлы, А. Ата-анаға көз қуаныш [Мәтін]
/ Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. - Алматы:
Қаламгер, 2018. – 30 б.




Бұл жинаққа ұлы ақын Абай Құнанбайұлының мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп шәкірттерінің қабылдауына лайықты өлеңдері іріктеліп алынды. Оқу мен білім, өнер мен еңбек және туған жердің табиғаты туралы жауһар жырлардың жас ұрпаққа берер терең тәрбиелік өнегесі мол. Еңбек балаларға, ата-аналар мен ұстаздарға, барша әдебиетсүйер қауымға арналған.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

84(5Қаз)
А13

Абай. Қалың елім, қазағым... [Мәтін] : [өлеңдер] /
Абай. - Алматы : Атамұра, 2002. – 224 б.


Ұлтымыздың ұлы перзенті - хакім Абайдың бұл жинағына біршама өлеңдері іріктеп алынды. Өз заманынан оза туған ақынның терең ойлары мен асыл сөздері келешек заманаларда да гауһардай жарқырап, көзі ашық көкіректерге нұр болып құйыла берері хақ. Қалың оқырман қауым Абай сөздері арқылы өз жүрегіне, өз табиғатына тағы бір үңіле түседі деп сенеміз.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

83.3(5Қаз)
А13

Абай [Мәтін] / [құраст. П. Бисенбаев]. – Алматы:
Аруна, 2015. – 24 б.



«Аруна» баспасы «Данқты адамдар» топтамасы арқылы дүние жүзіне әйгілі тұлғалардың өмірінен сыр шертетін кітаптарды ұсынып отыр. Бұл туындылар әлем тарихында айрықша із қалдырған танымал адамдар туралы жан-жақты мәлімет беріп, олардың өміріне қатысты қызықты деректермен таныстырады.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

Мазмұны


Алғы сөз	3
Абайдың туып-өскен ортасы	4
Абайдың лирикасы	6
Абай аудармалары	10
Абайдың музыкалық мұрасы	12
Абайдың қарасөздері	14
Абайдың ел ішіндегі әлеуметтік істерге араласуы	16
Абай және орыс әдебиеті	18
Өмірінің соңғы жылдары	20
XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары Абай туралы	22
Абай – мәңгі халқының жүрегінде	24

Алаш қайраткерлері ішінде ғұлт даңқын көтергендердің бірі һәм бірегейі - Мұхтар Әуезов. Ол халықтың рухани аманатын ұрпағына бұқпесіз қалдырған қаламгер - Абайдың шынайы бейнесін аша білді. Әуезов - Абайдың өмірінен тұтастай бір тарих жасап шыққан ғұлы ойшыл, бір шығармаға тасырлық тарихты сыйдыра білген жазушы. Оның суреткерлігі бір төбе болса, адалгершілігі де бір төбе. Шыңғыс Айтматовтың «Өз басын өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсаң, әрқашан қасиет тұтып, өзіңмен бірге қастерлеп ала жұретің екі түрлі асылың бар: бірі - «Манас», бірі - «Мұхтар Әуезов», - дейі осыны айтақтайды. Мұхтар Әуезовтың қандай шығармасын аласа та, «Қорғансыздың күні», «Оқызан азамат», «Жетім» сияқты қысқа бірақ ғұлы дүниесінен жазушылардың бәріне бірдей бұғыра бермейтін суреткерлік шеберлікті көреміз.

«Абай Жолы» - тасырлық туынды. Төрт томды эпопеялық көлемді роман қазақ қоғамының тасырлық, әлеуметтік, түрмыстық, отбасылық ғұмырын мейлінше дәл, айқын, адал бейнелейді. Бұл шығармадағы оқиғалар күн демей, түн демей толассыз өтіп жатады, бірін-бірі қуалай аққан дария толқындарындай сабақтастай қалпында көрініс табады. Біз шығармадан мәңгілік толассы таппайтын жақсылық һәм жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың шайқасын көреміз, рухани қорымызды байыта түселеміз. Абайдың өмірінен ғұлы аламыз. Мұхтар Абайдың жеке басына түскен қиындықтан, жеке баста трагедиясынан халық трагедиясын көтере білді. Данышпан Абайдың бала, жас Абайдан хәкім, дана Абайға дейінгі өмір кезеңін қамтитын бұл шығарманың қазақ әдебиетінен алар маңызы зор. «Абай Жолында» қазақ қоғамының алған түрлі топтары кең қамтылып, сан қырлы көрініс тапқан. Сонымен қатар романда қазақ халқының түрмысы, діні, жалпы дәстүрлері: жаз жайлауға көшу, аза түту, ас беру, жұрт, болыс сайлаушы, дауға билік айту, аң аулау мен табиғи көріністері көркем айшықталған. «Абай Жолы» - жай ғана тарих емес, көркемдік ойдың көрінісінен өткен, бұқпесіз бейнеленген өмір шыңдығы,

Абай - тұтас бір тарихтың дүниеге келуіне себепкер болған тұлға. Жастайынан көңілді баурап алатын көне жыр, ескі әңгіме, аталы сөзді жадына тоқып өскен бала Абай өте зерек алғырлығымен ерекшеленеді. Ол үш жасында-ақ үлкен адамша сөз сөйлеуі оның қоғамнан ерек, заманынан озық туғанына дәлел. Мұхтар Әуезов Абайды әрі ақын, әрі қайраткер, әрі ойшыл ретінде, қай қырынан болсын ұрпаққа үлгі бейнесін оқырманға жақын бейнеледі.

Мұхтар Әуезовтің қай шығармасын алсақ та, одан ағартушылық, адамгершілік сарыны, туған халқына, Отанына деген ыстық сезімі, қорлыққа, әділетсіздікке қарсылығы көзге оттай басылып тұрады. Бұған айтпасак та дәлел болатын мәңгі өшпес, теңдесіз мұрасы - «Абай жолы». Әлемдік деңгейдегі бұл дүниеге Луи Арагонның өзі: «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» - деген екен. Расында да суреткер қазақтың маңдайына біткен біртуар ұлы Абайды халқына сөз өнерімен сомдаған. Осындай алып дүниені жаза отырып Мұхтар Әуезов өзі де қазақ көгінде мәңгі өшпес жұлдызға айналды. Яғни, Мұхтар Әуезов – ғасырда бір туатын жазушы болса, «Абай жолы» - ғасырлық туынды, ғасырда бір туатын шығарма.




**84(5Қаз)
Ә82**

Әуезов, М. Абай жолы [Мәтін] : роман-эпопея.
1 кітап / Мұхтар Әуезов. - Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

МАЗМҰНЫ

Кайтқанда	3
Қат-қабатта	57
Жолда	89
Шытырманда	134
Бел-белесте	180
Өрде	231
Қияда	279
Түсініктер	366

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)




**84(5Қаз)
Ә82**

Әуезов, М. Абай жолы [Мәтін] : роман-эпопея. 2
кітап / Мұхтар Әуезов. - Алматы : Жазушы, 2013. – 432 б.

МАЗМҰНЫ

Тайғакта	3
Жайлауда	54
Еңісте	116
Оқапта	207
Асуда	290
Тарауда	333
Биікте	394
Эпилог	424

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)




**84(5Қаз)
Ә82**

Әуезов, М. Абай жолы [Мәтін] : роман-эпопея. 3 кітап
/ Мұхтар Әуезов. - Алматы: Жазушы, 2013. – 384 б.

МАЗМҰНЫ

Абай аға	3
Кек жолында	62
«Қарашығын»	134
Өкініште	172
Қақтығыста	220
Қоршауда	294

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)



**84(5Қаз)
Ә82**

Әуезов, М. Абай жолы [Мәтін] : роман-эпопея. 4 кітап
/ Мұхтар Әуезов. - Алматы: Жазушы, 2013. – 400 б.

МАЗМҰНЫ

Түн-түнекте	3
Күз-кияда	77
Қапада	139
Қастықта	198
Шайкаста	265
Жұтта	336
Эпилог	396

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

82.09(574)


T21

Тарақов, Ә. С. Абайдың аудармашылық таланты [Мәтін] : оқу құралы / Тарақов Ә. С. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 259 б.

Ұлы ақынның Батыс әдебиетінен Гете, Шиллер, Байрон, А. Мицкевич, орыс классикасынан А. Пушкин, М. Лермонтов, И. Крылов, И. Бунин, Я. Полонскийден тәржімелеген туындылары талданып бағаланады.

Қазақ поэзиясының классигі, ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбаевтың көркем аудармадағы ізденістері мен шеберлігі бұдан бұрын да зерттеліп, жекелеген аудармалары талданып, бағаланғанымен, заманауи аударматану ғылымы негізінде, түпнұсқамен салыстыра қайта сараптап, пайымдау - уақыт талабы.


Филология ғылымының докторы, профессор Ә.С. Тарақов Абайдың Батыс және орыс ақындарынан аударған туындыларын жан-жақты зерттеді. Классиктердің шығармашылық өмір жолы берілген. Сонымен бірге поэзиясының аудармалары теориялық тұрғыдан терең талданады. Әр аудармадағы Абайдың ізденісін, балама, сәйкестік табу шеберлігін, аудару тәсілдері мен шешімдерін түпнұсқамен аударманы салыстыра айқындап, дәлелдейді. Әр аударманы нақты талдап, сараптап, Абайдың аудармашылық талантын ерекшелейді. Шығыс пен батыс әдеби сабақтастығын саралайды. Оқу құралы қалың көпшілікке әрі аудармашы мамандығында оқитын студенттер мен магистранттарға, ізденуші жас ғалымдарға арналған. Кітап әдеби стильде, оқырманның қабылдап, түсінуіне бейімделіп жазылған.



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

**92(5Қаз)
А13** **Абай** [Мәтін]: энциклопедия -
Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.

Энциклопедия қазақтың ұлы ақыны, данышпан перзенті, қазақ жаңа жазба әдебиетінің негізін салушы Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылық жолына арналған. Ақынның өскен-енген ортасы, бай мұрасы, дүниеге көзқарасы, эстетикасы, поэтикасы, қоғамдық-саяси ой-пікірлері, тағылымы, дәстүрлері жан-жақты сөз болады.



Мазмұны

1. Энциклопедия авторлары	8
2. Энциклопедияда қолданылған негізгі қысқартулар	10
3. Алғы сөз	11
4. Қазақ халқының ұлы ақыны	13
5. Энциклопедияның алфавиттік сөзтізбесі	19
6. Абайдың өмірі мен шығармашылық жолына арналған негізгі әдебиеттер	630
7. Қосымшалар	631
а) Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі	631
ә) Ұйқас сөздігі	643
б) Тіл жиілік сөздігі	659
8. Есім көрсеткіші	709

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

АБАЙ - ӨНЕР КӨРІГІ, ҰРАНЫМЫЗ

*Дәл Абайдан басталып жыр тағымыз,
Ежелден сөнбей жазған нұр таңымыз.
Бар әлемге әйгілі бола білген.
Дана ақынның көреген ұрпағымыз.
Құйып берер жадына саналы ұғым,
Кім ұмытар ұлы Абай даналығын.
Арада жүзден аса жыл өтсе-дағы,
Тлу еттік өлмес өлең жаңалығын.
Болса да бірге өсіп тілдеспеген,
Пушкинмен айтар ойы тілдес келген.
Қара қылды қақжарып ақылымен,
Ешкімнен қорқып Абай күн кешпеген.*

*Тықсыса мұң мен шерге қала тұнып,
Ұлы Абай тыншымады аласұрып.
Ерлікпен ездігіне кеуде тосты,
Халқы үшін қасқиды да қара тұрып.
...Сазына әсем әннің ырғатылған,
Бала да сүйсінеді тым балдырған.
Атанып өлең, сөздің пайғамбары,
Артына сөнбес күндей жыр қалдырған.
Мақыны-жат, біліп жау-алысқаны,
Әділдік үшін Абай қарыштады.
Абай ақын, прозаик, аудармашы,
Білсеңіз Абай қазақ данышпаны,
Абай - өнер көрігі, ұранымыз,
Берген тәлім-тәрбие шырағымыз.
Абай көрген әр күннің тарихы мол,
Сарқылмайтын мәңгілік жыр-әніміз.*

Доктыркүл Есіркепқызы, зейнеткер ұстаз, ҚР
білім беру ісінің үздігі,
Жамбыл облысы, Т. Рысқұлов аудан

Сөздік қазақтың үлкен жазба әдебиеті мен ұлттық әдеби тілінің берік негізін қалаған ұлы ақын Абай Құнанбайұлы шығармалары тілінің бүкіл сөз байлығын түгел қамтиды.


Бұл кітап Абай өмір сүрген шақтағы, XIX ғасырдың екінші жарымы тұсындағы, қазақтардың мәдени дәрежесі жөнінде ғана нақтылы түсінік беріп қоймайды, қазақ әдеби тілін дамытудағы, оны бірыңғай ізге түсіріп қалыптастырудағы Абайдың рөлін көрсетеді.

Сөздіктен қазақтың ұлттық әдеби тілінің сол замандағы құрамы мен құрылымы, атап айтқанда, сөздердің сол кездердегі жасалу және өзгеру жүйесі, қолданылу және жұмсалыу үлгілері, әдеби нормалары, лексикалық және грамматикалық амал-тәсілдері, стилистикалық өрнектері кәміл аңғарылады.

Бұл еңбек - жеке жазушы тіліне алғаш рет арнайы жасалып отырған әрі тарихи-жөнеме, әрі толық түсіндірме сөздік. Сондай-ақ, ол - қазақтың қазіргі әдеби тілінің даму тарихы жөнінде де негізгі құралдың бірі боларлық тұңғыш тырнақалды.

Сөздік нағыз оқырмандар көпшілігіне - ғылыми қызметкерлерге, әдебиетшілерге, баспасөз бен ағарту майданындағы қызметкерлерге, аспиранттар мен студенттерге және де басқа жан күйерлер мен әуесқойларға арналып жасалған.

81.2Қаз-4 А13 **Абай тілі сөздігі [Мәтін]. - Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.**



[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

82.09(574)

A13

Абай туралы естеліктер [Мәтін] : (Абайдың мемлекеттік қорық-музейінің қорынан)/ [құраст. Б. Жүнісбеков, М. Қайрамбаева ж. т. б.]. - Алматы: Қаламгер, 2018. – 504 б.




Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы туралы естеліктер жинағы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұлы ақынның ЮНЕСКО аясында өткен 150 жылдық, мерейтойында жасаған «Абай туралы сөз» баяндамасымен, немере інісі Әрхам Кәкітайұлы мен туған ұлы Турағұл Абайұлы және замандас шәкірті, көрнекті ақын Көкбай Жанатайұлының, абайтанушы, шежіреші Ниязбек Алдажаровтың естеліктерімен ашылған. Кітаптан сонымен қатар Абайдың ұрпақтары мен ақындық айналасының естелік әңгімелерімен таныса аласыздар.

Кітап ғалымдарға, әдебиет пен мәдениеттанушыларға, жоғары және орта мектеп оқытушылары мен мұғалімдеріне, студент-жастарға, қалың жұртшылыққа арналған. Жарияланып отырған мақалалар ұлы ақынның данышпан, білімдар, адамгершіл, әділетті, сондай-ақ туған қазағын қалтқысыз сүйген елжанды тұлғасын жан-жақты тани түсуге көмектеседі және туған халқының дара туған дана перзентіне деген сүйіспеншілігін паш етеді

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

83.3(5Қаз)
Н86

Нұрқатов, А. Абайдың ақындық дәстүрі [Мәтін] :
монография : шығармалар жинағы. 2 т. / Нұрқатов А. -
Алматы : Искандер, 2010. – 476 б.



Қазақ кеңес әдебиетінің аса көрнекті зерттеушісі, сыншы, ғалым Айқын Нұрқатовтың әдеби мұрасы өте бай. Оның бұған дейінгі жарық көрген кітаптарымен оқырмандарымыз жақсы таныс. Ғалымның көзі тірісінде аяқтап, нүкте қойып кеткен мына еңбегі ұлы ақын Абай шығармашылығы жайлы ғылыми монография болып табылады. Ол бұл кітабында ақын мұрасын жан-жақты талдап, оған барынша терең, ғылыми баға берген.

[Кітап сөресіне қайта оралу...](#)

*Назар аударғандарыңызға
рахмет!*

*Виртуалды көрме
Тараз қаласы ОККЖ
Ақпараттық – библиографиялық
қамтамасыз ету бөлімінде жасалды.*

www.libr.e-taraz.kz